

А.Р. ЕРШАЕВА¹✉, А.Б. ШАЛДАРБЕКОВА²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің PhD докторанты
(Қазақстан, Астана қ.), e-mail: assyl_1993@mail.ru

²PhD, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің оқытушысы
(Қазақстан, Астана қ.), e-mail: ajars@mail.ru

«ҚОРҚЫТ АТА» ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШІНДЕГІ *qil'ic* «ҚЫЛЫШ» ЛЕКСЕМАСЫНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ

Андатпа. Мақалада орта ғасырлардағы түркілердің ерекше тарихи ескерткіштерінің бірі – «Қорқыт Ата кітабындағы» тілдік фактілердің қазақ тілімен сабақтастығы қарастырылады. «Қорқыт Ата кітабы» – VII–XIII ғасырларда Сыр бойын жайлаған оғыз-қыпшақ тайпалары арасында туып, ауыздан-ауызға көшіп, түрік тектес халықтардың бәріне түгел жайылған жазба ескерткіш. Оның тілі негізінен XIII–XIV ғасырдың тілдік ерекшеліктерін де сақтаған. Аталған ескерткіш оғыз тобындағы тілдермен сәйкестігі жоғары болса да, қыпшақ тобы тілдерімен фонологиялық, лексика-семантикалық, прагматикалық тұрғыдан сәйкестігін зерттеген жұмыстардың аз болуы, осы мақаланың өзектілігін көрсетеді. Жалпы, «Қорқыт Ата кітабы» тұтас бір халықтың тұрмыс-тіршілігінен, жер-су атауларынан, әдет-ғұрпынан, салт-санасынан, наным-сенімінен, тарихынан ақпарат береді. Тілдің осы мазмұндық жағы, яғни куммулятивтік қызметтен туындаған әлемнің тілдік бейнесін сипаттауы тарихи фактілерді жаңа заман талабынан қарастыруды қажет етеді. «Қорқыт Ата кітабында», жалпы ортағасырлық жазба ескерткіштерде тарихи қару-жарақтар көп қолданылған. Солардың ішінде *qil'ic* «қылыш» лексемасы жан-жақты қолданысы мен алуан түрлі семантикалық қырлары арқылы ерекше көзге түседі. Бұл зерттелген сөздің қазіргі қазақ тілінде лексика-семантикалық, грамматикалық ерекшеліктерінің жоғары деңгейде сақталуынан көрінеді. Бұл ежелгі көшпенділердің өмірін сипаттайтын ақпарат көзі. Бұл – жылқы шаруашылығымен айналысып, сыртқы жаулармен бетпе-бет жиі кездесетін ежелгі көшпелі түркі тайпаларының тұрмыс-тіршілігінен хабар беретін ақпарат көзі. Осындай *qil'ic* «қылыш» лексемасы сияқты тарихи фактілерге жіті талдау жасай отырып, қазақ тілінің тарихи сөздік қорын бағамдап, ортатүркілік сөздік қорды, тілдің табиғатын және сол арқылы түркілік дүниетанымды қалпына келтіруге болады.

Кілт сөздер: түркі, жазба ескерткіштер, қару-жарақ, қылыш, лексика, семантика, сабақтастық.

***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Ершаева А.Р., Шалдарбекова А.Б. «Қорқыт ата» жазба ескерткішіндегі *qil'ic* «қылыш» лексемасының қазақ тілімен сабақтастығы // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2023. – №1 (127). – Б. 190–199. <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.16>

***Cite us correctly:**

Ershaeva A.R., Shaldarbekova A.B. «Qorqyt ata» jazba eskertkishindegi *qil'ic* «qylysh» leksemasynyn qazaq tilimen sabaqtastygy [Continuity of the Lexeme *qil'ic* «kylysh» with the Kazakh Language in the Written Monument «The Book of Korkyt Ata»] // *Iasaui universitetinin habarshysy*. – 2023. – №1 (127). – B. 190–199. <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.16>

A.R. Yershayeva¹, A.B. Shaldarbekova²¹*PhD Doctoral Student of L.N. Gumilyov Eurasian National University
(Kazakhstan, Astana), e-mail: assyl_1993@mail.ru*²*PhD, Lecturer of L.N. Gumilyov Eurasian National University
(Kazakhstan, Astana), e-mail: ajars@mail.ru***Continuity of the Lexeme qılıc «kylysh» with the Kazakh Language in the Written Monument
«The Book of Korkyt Ata»**

Abstract. This article examines the continuity of linguistic facts with the Kazakh language in the “The Book of Korkyt Ata” – one of the unique historical monuments of the Turks of the Middle Ages. “The Book of Korkut Ata” is a written monument of Turkic origin, originated in the 7-13th centuries among the Oguz-Kipchak tribes, spread by word of mouth and reached all peoples of Turkic origin. His language has preserved mainly the linguistic features of the 13-14th centuries. Although this monument has a high identity with the languages of the Oguz group, a small number of works studying phonological, lexico-semantic, pragmatic correspondence with the Kipchak languages indicates the relevance of this article. In general, the “The Book of Korkut Ata” provides information about the life, names, customs, traditions, beliefs and history of an entire nation. This meaningful aspect of language, that is, the description of the linguistic picture of the world generated by cumulative activity, requires consideration of historical facts from the requirements of modern times. In the book “The Book of Korkut Ata”, medieval written monuments, in general, a large number of historical weapons were used. Among them stands out the lexeme *qıl:ic* “kylysh” (sword) is due to its versatile use and variety of semantic aspects. This is manifested in the high level of preservation of lexico-semantic, grammatical features of the studied word in the modern Kazakh language. This is a source of information describing the life of ancient nomadic Turkic tribes who were engaged in horse breeding and often faced external enemies. Analyzing such historical facts as the the lexeme *qıl:ic* “kylysh” (sword), it is possible to evaluate the historical vocabulary of the Kazakh language, restore the Middle Turkic vocabulary, the nature of the language and thereby the Turkic worldview.

Keywords: Turkic, written monuments, weapons, sword, vocabulary, semantics, continuity.

А.Р. Ершаева¹, А.Б. Шалдарбекова²¹*PhD докторант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева
(Казakhstan, г. Астана), e-mail: assyl_1993@mail.ru*²*PhD, преподаватель Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева
(Казakhstan, г. Астана), e-mail: ajars@mail.ru***Преемственность лексемы qılıc “кылыш” с казахским языком в письменном
памятнике «Книга моего деда Коркута»**

Аннотация. В данной статье рассматривается преемственность языковых фактов с казахским языком в «Книге моего деда Коркута» – одном из уникальных исторических памятников тюрков средневековья. «Книга моего деда Коркута» – письменный памятник тюркского происхождения, зародившийся в VII–XIII веках среди огузско-кыпчакских племен, распространившийся из уст в уста и дошедший до всех народов тюркского происхождения. Его язык сохранил в основном языковые особенности XIII–XIV вв. Хотя данный памятник имеет высокую идентичность с языками огузской группы, небольшое количество работ, изучающих фонологическое, лексико-семантическое, прагматическое соответствие с кыпчакскими языками, свидетельствует об актуальности данной статьи. В целом, «Книга моего деда Коркута» дает информацию о быте, названиях, обычаях,

традициях, верованиях, истории целого народа. Данная содержательная сторона языка, то есть описание языковой картины мира, порожденной куммулятивной деятельностью, требует рассмотрения исторических фактов из требований нового времени. В книге «Книга моего деда Коркута», средневековых письменных памятниках, в целом, использовалось большое количество исторического оружия. Среди них выделяется лексема *qil:ic* «кылыш» (мечь) благодаря своему разностороннему использованию и разнообразию семантических аспектов. Это проявляется в высоком уровне сохранения лексико-семантических, грамматических особенностей изучаемого слова в современном казахском языке. Это источник информации, описывающий о быте древних кочевых тюркских племен, которые занимались коневодством и часто сталкивались с внешними врагами. Анализируя такие исторические факты, как лексема *qil:ic* «кылыш» (мечь), можно оценить исторический словарный запас казахского языка, восстановить среднетюркский словарный запас, природу языка и тем самым тюркское мировоззрение.

Ключевые слова: тюркский, письменные памятники, оружия, мечь, лексика, семантика, преемственность.

Кіріспе

«Қорқыт Ата кітабы» – VII–XIII ғасырларда Сыр бойын жайлаған оғыз-қыпшақ тайпалары арасында туып, ауыздан-ауызға көшіп, түрік тектес халықтардың бәріне түгел жайылған жазба ескерткіш. Оның тілі негізінен XIII–XIV ғасырдың тілдік ерекшеліктерін де сақтаған. Ескерткіштің Дрезден нұсқасы оғыз батырларының қаһармандықтарын дәріптейтін он екі жырдан тұрады. Жырларда Қазылық (Қазығұрт) тауы, Көкшетау, Арқа бел, Алатау, Қаратау, Қарашық, Түркістан секілді Сыр бойы мен қазақ жеріндегі жер-су атауларын сақтап қалуы бір кездері оғыз-қыпшақ жұрты қатар көшіп-қонып жүрген ата қоныс – Сыр бойында туып, ғасырлар бойы жырланып, кейін оғыздармен бірге көшіп, жаңа сюжеттер, жаңа оқиғалар қосылып, толығып, түрленіп хатқа түскен. Қазақта Қорқыт атадан қалды дейтін шешендік, өсиет сөздер, Қорқыт атымен байланысты аңыздың дені оның өлімімен сабақтасады, ол адам тіршілігінің тым қысқалығына, өлім деген опатқа наразы болып, содан құтылудың жолын іздеп шарқ ұрады, желмаяға мініп шартарапты кезеді. Бірақ қайда барса да алдынан аңырайған көр шығады. Ал ескерткіштегі батырлық жырлардың баяндалу сипаты қазақтың көне жыраулық дәстүрін айқын көрсетеді. Қорқыт жырларының тілі түрік, әзербайжан, қазақ, башқұрт, қарақалпақ тілдеріне жақындай бастауы, баяндау жүйесінде қазақтың белгілі эпостарымен сабақтас келеді. Әрбір елеулі оқиғадан кейін Қорқыт Ата келіп сөз сөйлейді, жыр жырлайды, бата береді. Оғыз ерендерімен қатар, оғыздардың тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрыптары, діни сенімдері және т.б. туралы мол мағлұматтар беріледі. Ескерткіштің тілдік сипатын жан-жақты зерттеуге болады, себебі, лексикалық қорында алты мыңға жуық сөз бар. Дегенмен, осы мақала төңірегінде *qilic* «кылыш» лексемасына зерттеу-талдау жасадық. Оның даму барысында қазіргі тілдегі қолдану шегін, тұрақты тіркестер мен ерекше көркем конструкцияларда сақталуын, семантикалық айырмашылықтары мен қазақ халқының таным-түсінігіндегі сабақтастықты көрсетуге тырыстық.

Зерттеу әдістері мен деректері

Түркі халқының тарихы қару-жарақ атауларына бай. Солардың ішінен «Ер қаруы – бес қару» деген қазақ қаруларды: ату қарулары – садақ; түйрегіш қарулары – найза, сүңгі, жыда; кесу қарулары – қылыш, семсер, сапы; шабу қаруы – айбалта; соғу қарулары – шоқпар, гүрзі деп, әрқайсысының қызметіне қарай жіктеген. Осылардың ішінде тарихи терең оқиғалармен байланысты, ескі де болса, жаңа кесу қаруы – қылыш. Қылыш бетбе-бет соғыста қолданылатын ең ыңғайлы қару болғандықтан шығу тарихы өте ерте кезеңді қамтиды және барлық елдің тұрмыстық мәдениетінің құнды бір бөлшегі болып табылады. Қазақ халқының да тарихында қылыш суық қару ретінде қолданылып, талай жауынгерлік кезеңдерде

батырлардың сенімді серігі болды. *Qilic* «қылыш» қаруына сөздікте мынадай түсініктеме береді: «зат. 1. Шауып түсуге лайықтап, болаттан істелген өткір жүзді, ұзындау келген, балдақты имек қару; 2. этн. Жүзін жұқарта жонып, ортасын дөңестеу етіп келтіріп, өрмек арқауын тығыздай түсуде қолданылатын, ұзындығы 12–15 см, жетесі қалыңдау, жалпақша ағаш құрал; 3. ауыс. Шапқыншылық, жаулап алушылық [1, 550-551-бб.]. Бұл сөзді «парсы тілінен енген» кірме сөз деп берілген [2, 412-б.]. Тарихи ескерткіштерде *qil:ic* «қылыш» көне ұйғырлардың мәтіндерінен бастап тіркелген: *qilič üzä kešär men* қылышпен кесемін (*Uigurica* II 61₁₆); *žida birlä ja oq birlä taqi qilič birlä qalqan birlä aṭladī* жыдамен, садақ, оқпен тағы қылышпен, қалқанмен (атпен кетті) аттанды (Легенда об Огуз-кагане 4₁); ортатүркі: *är qiličlandī* «ер қылыштанды» яғни, қылышқа ие болды мағынасында (Махмуд ал-Қашғари Дивани Лугат ат-турк, 400); *qyluc qamcu* қылыш қамшы (Махмуд ал-Қашғари Дивани Лугат ат-турк I 417); «Құдатғу білікте» *qylycsyz tili birlä evrär elig* «қылышсыз тілмен басқарады (елді)» (Құдатғу Біліг 174-15); жалпы тарихи ескерткіштерде «қылыш», «семсер» ұғымдарының ара жігін ашу қиын, бірінің орнына бірі қолданылған сияқты әсер қалдырады. XI ғасырдың басында жазылған түркі тілдерінің сөздігінде 29 рет, «Құдатғу білікте» 26 рет, «Қорқыт ата» кітабында 102 рет қолданылған. Қазіргі түркі тілдерінің барлығына жуық азды-көпті дыбыстық ерекшеліктермен кездеседі, оларды саралай келе мағыналарын былайша топтастырамыз: 1. Қылыш, семсер – барлық жазба ескерткіштерде; 2. пышақ; 3. Ағаш пышақ; 4. Зығырдың түткіш құралы [3, 213-214-бб.]. Лексеманың түбірі туралы пікірлер бір қалыпқа түспеген: көнеүнді «балта»; <қыл «шаш, қыл»; <kyly «острый»; қыл-п- (еліктеуіш) «өте өткір болу»; қалай болғанда да қыл «өткір»; «шаштың талшығы» мен қылқан «өсімдіктердің сыртқы жабынындағы өте майда өсінді қылқандармен түбірлес екендігін байқаймыз. Барлық жазба ескерткіштердегі мағынасы – «қылыш», «семсер» қарулары. Туынды сөз жасауға өте қабілетті бұл лексеманың түбірі туралы этимологтар *qyl* – «жасау, жүзеге асыру»; «металдан жасалған», деген семантикалармен тығыз байланысты екендігін келтіреді [4, 570-б.].

Qil:ic «қылыш» көшпелі түркі халықтарында VII ғ. кең қолданылған, ал ортағасырлық көшпелілерде «атты әскермен соғыс жүргізу тактикасын қабылдау барысында әскердің кесу қаруы ретінде» басқа халықтарға да кеңінен таралды (Этно, 4,192). Қазақ жауынгерлерінің басты дәстүрлі қару-жарағы ретінде белгілі, қару жүйесінде «ер қаруы – бес қарудың» құрамына кіреді.

Шығыс елдерінде ежелгі уақыттан бері соғыс қаруы ретінде қолданылған «түзу не имектеу жүзді болаттан жасалған» өткір қылышпен XVIII ғ. бастап Еуропа және орыс әскерлерін қаруланды [5, 64-б.]. Ал арғы түркілердің тарихында қылыштың қолданылуы қола дәуірімен (б.з.д. 4-мыңжылдықтың аяғы мен – 1-мыңжылдықтың басы) байланысты болса, ол қылыш культі темір ғасырындағы (б.з.д. 1-мыңжылдық) тайпалардың «классикалық көшпелі» тұрмысымен байланысты. Геродот скиф мифологиясында соғыс құдайы Арестің қылышқа табынған бейнесін келтіреді (Геродот, IV–62). Көне римдік тарихшы Аммиан Марцеллин сарматтарда (алан) жерге қадалған қылышқа табыну ғұрпы болғаны туралы жазады [6, 312-б.]. Дегенмен, ғылыми зерттеулер қылыш культін «ирандықтармен» байланыстырады. Ал фольклорлық материалдар түркілердің арғы тектері скифтерде жылтылдаған (қынсыз) қылышқа пұт ретінде табыну болғанын растайды [7, 77-б.]. Жылнамашы Приск слава Аттилаға шексіз даңқ пен билік, күштің «соғыс құдайы Марстың» қылышымен келгені туралы аңыз жазып қалдырған [8, 44-б.]. Жалпы антикалық зерттеушілер еуразия құрлығындағы көне көшпелі тайпаларда «қылыштың рөлі ерекше» болғаны туралы біршама жазбалар қалдырған [9, 17–19-бб.]. Зерттеуші С. Қондыбай «Көнеқытай жазбаларында сәтті келісімнен кейін сюннулар (хунну) ақ биенің құрбандыққа шалып, тәңірқұты өзінің жорыққа алатын қылышының жүзін шарапқа малатын ғұрып болғанын, оған қатысушылар кезегімен сол шараптан ұрттап ант беретіні туралы жазылған»

деген дерек келтіреді [10, 178–184-бб.]. Келтірілген аңыз бен жазба ғұндарда қылыш культінің болғанынан хабар береді, ал оның қазақ халқымен байланысын зерттеу осы мақаладағы басты міндеттеріміздің бірі болмақ.

Талдау мен нәтижелер

Қазақ қару-жарақ мәдениетінде қылыштың бірнеше түрлері кездеседі: *алты құлаш ақ найза [алмас қылыш]* «батырлар ұстайтын аса ұзын қарудың түрі»; қыл қабатын қылыш «жалманы аса өткір, таңдаулы қылыш»; алдаспан ауыр қылыш көне. «шапқанда жауын бірден мерткітіру үшін басын жалпақ жалманды қылып ауырлатып жасаған қынапсыз байланатын кесу қарудың түрі»; *қайқы бас қылыш* «басы қайқы келген имек қылыш»; *сары ала қылыш* «алтын жалатқан сабы бар, шаншу, түйреу, шабуға арнаман өткір жүзді соғыс қаруы»; *жетім құрыш қылыш* «құрышы айрықша суарылған қылыш» [11, 623-б.]; сонымен қатар көне кірме сөз құрамында *асфаһани[-ды] қылыш* көне. «асфаһан қаласында жасалған сапалы, алмас қылыштың бір түрі» кездеседі [12, 304-б.]. Ал қазақ тілінің аймақтарында *сыдырма қылыш/ сыйырма қылыш* (қ.орда: қарм., арал, жал.) «семсер»; *сырым қылыш* (қорда, қарм.) «алмас, еткір қылыш» түрі сақталған [13, 610-б.]. Ал көне *жалаң қылыш* «алдаспан, жалманы бар ұшы ауырлатылып жасалған қынсыз ұстайтын кесу қаруы» *Жалаң аттың жалымен, жалаң қылыш жүзімен* мақалына негіз болған [14, 156-б.]. Бұл атау «Қорқыт Ата кітабында» *altı cellad eşsesine geldiler, yalıq kılıç tutd[ı]lar* (D.95a-4) «Алты жендет желкесінен төнді, жалаң қылыш ұстады» сөйлемдеріндегі өткір қылыштың түрімен сабақтасып жатыр. Ал «сапасы жоғары болаттан соғылған өткір де бағалы» *алмас қылыш* (көне) тарихи мәтінде *Boynuzı elmas cıda gibi* (D.93a-1) «мүйізі алмас қылыштай (найзадай)» түрінде қолданылған.

Қазақ фольклорынан қару-жарақтарға, соның ішінде қылышқа қатысты көптеген сюжеттерді табуға болады. Біз зерттеу барысында оларды саралап, төмендегідей жіктедік:

1. *Қылыш – қару ретінде күрделі жағдайларда ер адамның сенімді серігі; тағдырын өзгертуге көмекші дос*; сондықтан оны ерекше жағдайда жасауға көңіл бөлінгені фольклорда ерекше толғайды: Селебені жасауға, Қырық бір ұста жиылған, Егеуіне келгенде, Елу ұста жиылған, Таптауына келгенде Тамам ұста жиылған (Әлібек батыр); сондай-ақ қару атадан балаға мұра ретінде беріліп отырған, киіз үйдің «сол жағында ер азаматың қару-жарақтары мен ат әбзелдерін» қадірлеп іліп қоятын болған [15, 570-б.]. Жалпы түркі халықтарында қылышты таза емес, арам күштерді қашыру үшін де пайдаланылған, айталық, башқұрт мифологиясында қылыш «магиялық қасиетке ие» болғандықтан, «жын-шайтандарды қорқыту» үшін пайдаланылған [16, 185-б.].

Осыған ұқсас мотив қазақ тұрмысында да кездеседі: жаңа туылған нәрестені бесікке бөлегенде жастығының астына өткір пышақ қояды, пышақты түнде шошып, қорқып оялатын балалардың жастығының астына да қоятын болған. Оның мәнісі баланы қара күштерден сақтау, тыныштығын, ұйқысын пышақты себеп етіп күзету. Әуелде қылышқа деген культ уақыт өтуімен басқа қаруларға да ауысқан. Фольклорлық материалдарда тоғыз қарыс жиналмалы (харалуж) қылыш (Ертегілер 4-174: Құйын батыр), жеті қарыс жиналмалы қылыш (Ертегілер 4-69: Жарты Төстік), алты қарыс жиналмалы қылыш, қырық қарыс жиналмалы қылыш (Ертегілер 4-87: Еркемайдар), (Ертегілер 2-45: Кедейдің үш баласы), жиырма қарыс жиналмалы қылыш (Ертегілер 3-51: Науша хан) батыр кейіпкердің сенімді серігі болса, осы қатынас бергін келе қылыштан семсерге, найзаға, пышақ, т.б. қаруларға ауысады және бұл ертегілерде қара семсерге (Ертегілер 4-206: Ақбілек қыз – Тұрғын бала), алмас кездікке (Ертегілер 4-261: Аламан мен Жоламан), алтын кездікке (Ертегілер 3-202: Жас баланың сапары) және т.б. ауысқанын байқауға болады. Жоғарыда келтірілген ертегілердегі «ер жігіттің қаруы, күрделі жағдайларда көмектесетін сенімді серігі» танымы біздің зерттеуіміздегі «Қорқыт Ата кітабында» бозбаланың нағыз жігіт болғанын көрсететін белгімен сабақтасып жатыр, тарихи мәтінде көптеп кездесетін: *Ođlan at biner, kılıç kuşanır oldı, av avlar, kuş kuşlar oldı* (D.16b-9) Оғлан атқа мініп, қылыш ұстайтын болды, аң аулап,

құс салатын болды; *Oğlumuy at segirdiğin, kılıç şalışın, oқ atışın göreyim, sevineyim, kıvanayım, güvенеyim* (D.13a-2-3) Ұлымның атқа шапқанын, қылыш шалғанын, оқ атқанын көрейін, қуанайын, сенім артайын» мысалдарында жоғарыда аталған *qil:ic* «қылыш» лексемасының мағынасы негіз болған.

«Қорқыт Ата кітабында» *Beyregiñ ayağına düşdi, kılıcı altından geçdi. Beyrek dağı suçından geçdi* (D.61b-11) Бейректің аяғына жығылды, қылышының астынан өтті. Бейректегі кінәсін кешірді; қазақ мәдениетінде қателік кеткенін мойындаған қаны қызба батырлар мойнын ұсынып, кешірім сұрағанда қолданылатын ерекше лингвистикалы клише, «(қылышпен) кесемін десең, міне, басым» бір жағынан, өлімнен қорықпайтын батырлықты көрсетсе, екінші жағынан, ерте кезеңдердегі қылыш культімен байланысты сақталдан рудимент ретінде қарастыруға болады. Сонымен қатар, сакральдық зат ретінде қылыш көшпелі халықтардың көнеден келе жатқан ант беру салтында да қару, ғұрыптық атрибут ретінде қолданылуы қазақтар салтында, адамдар қан құйылған ыдысқа қылышты малып немесе куәгерлердің алдында *қылышты сүйін серттесін*, бір-бірімен құда-анда болған. Ал қымбат бағалы зат ретінде салтанатты қылыш үлгілері әскерилерге жауынгерлік қызметі үшін *әскери сый, марапат белгісі (награда)* түрінде берілгені тарихтан белгілі [17, 194-196 бб.].

Қылыштың тағдырды өзгертетін қызметі екі адамның ортасында серттесуде көрінеді. «Қорқыт ата» ескеркішіндегі «Үшүн Қожа ұлы Секрек туралы» 10-жырда Секректі үйлендіргенде шымылдыққа кірмей, қыз бен өзінің арасына қылышын қойып: «ағамның жүзін көрмейінше, (егер) өлген болса, кегін алмайынша бұл шымылдыққа кірер болсам, қылышымаша былайын, оғыма шаншылайын, менен ұл тумасын, туса да он жасқа жетпесін! – деп сертін айтады [18, 273-б.].

Осыған ұқсас сюжет қазақтың фольклорымен былайша сабақтасады: «Алпамыс батыр» эпосында Қаражан шын көңілден достық ниетін білдіріп, Алпамыс екеуінің ортасына аспаһани қылышын қойып, құшақтасып дос болады (Алпамыс батыр); «Түркілер сөздігінде» қырғыз, йабағу, қыпшақ, тағы басқа халықтар ант ішкенде, яғни уәде бергенде жалаңаш қылышты алдына көлденең қойып: *Bi көк кірсін қызыл шықсын*: Бұ көк кірсін қызыл шықсын» – дейді. Яғни, осы уәде бұзылса, бұл көк кірсін, қызыл шықсын; темір қанға боялсын, темір сенен өш алсын» дегендік. Өйткені, олар темірді биік санайды, темірге құрмет қылады» деп, серттесу салтында қылыштың маңызын атап өткен (Махмуд ал-Қашғари Дивани лугат ат-турк, 1:181). Сонымен қатар қазақ тұрмысында «Иілген/ұсынған мойынды қылыш кешпес» деп өз айыбын мойындаған адам мойнының қылыштың астына салып, иілсе дауласқандар бітімге келіп, көп жағдайда кешірімге келген жағдайлар тарихтан белгілі. Жалпы ортағасырда рыцарлық ант берерде өткір қылышын алдына қойып серттесу салты еуропа халықтарында да кездеседі.

2. *Қылыш – батырдың жанын сақтаушы күш иесі*: қазақ фольклорындағы қылышқа қатысты атап өтетін маңызды нәрсе қылышпен батыр кейіпкердің жан деңгейіндегі байланысы. Яғни батырдың жаны тек қылышында ғана болады, оны тек өзінің қаруымен ғана өлтіру керек. Осы фрагмент көптеген ауызекі туындыларда кездеседі: Аюбаланың жаны түнде ұйықтағанда көк садақтың ұшында болуы (Ертегілер 3-92: Аюбала); Көкжан батырдың қалта кездігінің ұшында (Ертегілер 4-248: Көкжан батыр мен айдаһар); Жұмагелдінің жаны қырық қарыс қылышында (Ертегілер 2-45: Кедейдің үш баласы); Жандыбатырдың жаны қырық қарыс қылышында (Ертегілер 2-63: Ұшар ханның баласы); Құрмергеннің жаны қылышында (Ертегілер 2-93: Үш батыр); жігіттің жаны қалта кездігінде (Ертегілер 2-93: Бай мен баласы), егер «қаруын суға салса, батыр суға тұншығып өлетін» сюжет бірнеше ертегілерде қайталанатын (Ертегілер 3-92: Аюбала), (Ертегілер 4-248: Көкжан батыр мен айдаһар), (Ертегілер 2-45: Кедейдің үш баласы), (Ертегілер 2-93: Бай мен баласы), (Ертегілер 2-63: Ұшар ханның баласы), (Ертегілер 2-112: Үш батыр). Сонымен қатар «егер батырдың

қылышын далаға тастаса, немесе «отқа тастаса, керісінше ол батыр орасан күшке ие болуы» сюжеті (Ұшар ханның баласы) ертегілерде кездеседі. Байқағанымыздай, батыр жанының қарумен байланысты болуы «профанизациямен байланысты», бастапқы идея қылышқа табынумен, оны культ ретіндегі танымның ықпалы деген қорытынды жасаймыз [10, 180-182 бб.]. Жоғарыда аталған қылыштың функциясымен тікелей байланысы «Қорқыт ата кітабында» былайша беріледі: *Oğ atdılar, batmadı; kılıç urdılar, kesmedi; süjüile şaңdılar ilmedi* (D.111a-4) «Оқ атса батпады, қылышпен шапса кеспеді, сүңгімен шаншыса өтпеді»; *Oğul, saña oğ batmasun, tenüjü kılıç kesmesün* (D.110b-13) «Ұлым, саған оқ батпасын, тәніңді қылыш кеспесін». Бұл конструкциялар Алпамыс батырды сипаттағанда «шапса қылыш қтпейтін, отқа салса жанбайтын, суға салса батпайтын» деген жолдармен астасып жатыр (Алпамыс батыр).

3. *Қылыш – «жанды» көмекші, дос.* Қылыштың бұл қасиеті эпикалық шығармаларда көрініс береді. Әлібек батыр туылғанда шешесінің жатырынан қылыш ұстап туылуы қылышқа жан бітіреді (Әлібек батыр). «Ханшентай» ертегісінде тазша болып жасырын барған батырдың қылышы «түрткілеп» басқа қылыштарға тыныштық бермеуі (Ханшентай); кездік «сөйлеп» (Алын пышақ), адам кейпіне еніп, батыр, хан болады.

Қылыш – «жанды» кейіпке енуі, тіршілік белгісінің болуы батырлар арасында достық пен құрметтің белгісі ретінде қылыштарын алмастыруы, досының басына қауіп төнгенде таттана бастап белгі беруі (Ертегілер 3-203: Жас баланың сапары); екі бала қанжарларын алмастырып, біреуінің басына қиындық түскенде қанжар таттанады (Ертегілер 3-272: Алтын құс); батырдың қылышынан қан тамса, алдағы уақытта бір қиындықтың болатынын сездіреді (Ертегілер 4-186: Бір жігіттің ұрпақтары). Байқағанымыздай, қарудың қалып-күйінің өзгеруі, яғни сезіне алу қабілеті адамға тән белгі болса, ол қылыштың жандылығын білдіретін ежелгі кезеңдерден қалған реликт түрінде қабылдауға болады.

Тарихта Абылай, Кенесары, Жәңгір, Бөкей, т.б. хандардың, Қабанбай батырдың қырлы қаратамақ найза, қайқы қара қылыш, екі жүзді алмас қылышы болғаны сияқты басқа да әйгілі қаһармандардың жорыққа аттанарда сенімді серігі – қаруы болғандығы, соғысқа шығар алдында қаруымен «тіл қатысуы» немесе ерекше қатынасқа түсуі, қылыш үстінде ант-су ішуі, қасиетті санап, иіліп тағзым етуі, «ақберен», «наркескен» сиякте ерекше ат беруі – осының бәрін ежелгі «қылыш культімен» байланыстыруға болады.

Қазақ тілінің паремиологиялық қорында *qil:ic* «қылыш» компонентті фразеологизмдер біршама кездеседі. Олардың басым бөлігі батырлықтың символы: *алмастай [қанжардай, қылыштай] өткір* «еш нәрседен тайсалмайтын, батыл» болса, қарудың өткірлігі *қылыштың жүзіндей* «қайрат-күші тасыған, өткір, қайсар»; *қылыштай қылышылдаған* тұрақты тіркестеріне негіз болса; «күш беретін қару ретінде *қылыштың жүзі, найзаның ұшымен күш көрсету* «күшпен бітіру»; *қылышынан қан таму* «қаһарына міну, «қан көксеу» тіркестеріне негіз болған, ал көмекші құрал ретінде қызметі ауыс мағынада «біреудің қол шоқпары болу» мағынасындағы *атса оғы, шапса қылышы* тіркесіне негіз болған. Сол сияқты *алмасын [қылышын] қанға суарды* «қырып жойды, қан-жоса қылды»; *қылышын қайрап, найзасын өткірледі* «қаһарланып, үдей түсті»; *белден қылыш кетірмеді* «күндіз-түні соғысуға дайын жүрді»; *қылыштың астына алды* «қырғын салды, көресісін көрсетті» тіркестері пайда болса, ауыспалы мағынада *былышына қылышы қисаймады* «елемеді, мән бермеді, елең қылмады» деген тіркестерде қылыш лексемасы негізгі компонент болды.

Орта ғасырларда көшпелілерде қылыш патшалық билік атрибуты болып, «*әміршілердің* таққа отыру рәсімінде (интронизация салтанатында) патшалық регалия» (дәреже белгісі) болған заттардың құрамына кірді (Этно, 4, 193). Қазақ хандарын ақ киізге көтергенде де хандық дәреже белгісі ретінде олардың белдеріне қылыш байланған. Қазақ хандығы орыс боданына өткенде орыс патша әкімшілігі де бұрыннан келе жатқан бұл дәстүрді жалғастырып, қазақ хандарын бекіткенде ханның дәреже белгісі ретінде оларға арнайы жазуы бар алтын қылыш тапсырды. Осыған байланысты қазақ тілінде *қолына қылыш [найза]*

ұстады «қолбасшы болды, қол бастады, соғысты»; *білегіне [қолына, беліне] семсер [найза, қылыш] ілді* «жауға сайланды, ел қорғауға дайын болды, жаранды»; *болат қылыш өтпей қалмас* «текті, бекзат адам қашанда тектіліктен айырылмас» деген тұрақты фразалар пайда болған. Бұл ақын-жыраулардың шығармашылығында көрініс берді: Толғамалы ақ мылтық, толғап ұстар күн кайда? алты құлаш ақ найза ұсынып шаншар күн кайда? (Махамбет, шығ.).

Қылыш лексемасы қазақ тілінде ерекше қолданыстар жасауға негіз болды: *алмас қылыш жүзіндеі* «өткір»; *қылыш жүзінде* «қыл үстінде, қиын-қыстау жағдайда»; *қылыштан өткізді* «қырып салды, кескіледі, қырып-жойды»; бейнелеу сипатында *қынаптағы қылыштай [қылыш]* бейн. «қылшылдаған, күші асқан, өткір, қырағы, жауға шабуға дайын (адам)»; *болат қылыш кетілді* бейн. «қайсар, мықты, қанша күшті болса да, қайғы жықты» деген мағынада; *алтын сапты қылыштай* бейн. «асыл, қымбат, бағалы»; *қылышын сүйретіп қыс келді* бейн. «қақаған, қаһарлы, аязды қыс түсті»; *қылыш қындай* бейн. «жіп-жіңішке, жіптіктей» [19, 120-б.].

«Қорқыт ата» жазба ескерткішіндегі *Қылыш салып, дін таратқан Шахмардан Әли көрікті* (D.5a:5) жолдары *Әзірет Әлінің қылышы, Саған да тиер бір ұшы* тарихи оқиғалардан хабар беретін мақалмен сабақтасып жатыр. Мұхамед пайғамбардың күйеу баласы, мұсыландардың аты аңызға айналған батыры, ислам дініндегі әділ халифаның бірі қазақ фольклорында «Әзірет Әлінің эпитеті» ретінде қолданылатын *Шахмардан Әли* және оның әйгілі *зұлқиқар қылышы* екі паремияны өзара қабыстырады. Сонымен қатар *Арафатта еркек қозы құрбандық үшін. Әке ұл туғызады атақ (аты) үшін. Ұл қылыш асынар әкенің намысы үшін* (D.67b:4) деген жолдар қазақ паремиялогиясында сол қалпында сақталмаса да, *Еркек тоқты құрбандық, Бала – әке артындағы із* сияқты мақалдардың құрамына негіз болған. «Қорқыт ата» жазбасы белгілі бір көлемді қамтып, сюжетке құрылған санаулы жырларды қамтитындықтан, сол кезеңдегі қылышқа қатысты барлық паремияларды қамтуды мақсат етпеген. Десек те, қазақ тілінде қылышқа қатысты мақалдар әр алуан тақырыпқа байланысты пайда болған. Солардың ішінде «қажетті сәтінде пайдаға аспаған әрекеттің бағасы жоқтығы» *Жау кеткен соң қылышыңды боққа (босқа, тасқа) шап*, «После драки кулаками не машут» мақалында түйінделген. «*Қылыш даттанса ел бұзылады, Ел даттанса ат сабылады*» мақалы қылышты пір тұтқан, жанды ретінде құрметтеп-қастерлеген ежелгі мифологиялық танымнан хабар берсе, қылыштың сипаты «*Қылыш қынсыз болмас, Алтын құмсыз болмас*»; оның батыр жауынгерлерге серік екені «*Батырдан кеңес сұрасаң, қылыш, мылтық, байрағын айтар, Шаруадан кеңес сұрасаң, ботасы мен тайлағын айтар*» мақалдарына негіз болған; қылыштың бетпе-бет соғысқа, яғни жақын келген жауға арналуы «*Оқ жетпес жерге қылыш суырма*» мақалына негіз болып, «тек қолыңнан келетін іске ғана ұмтыл, әр қаруды өз жөнімен жұмса; болмайтын нәрсені болдырамын деп, жетпейтін нәрсені жеткіземін деп құр әуре болма» деген ауыспалы мағынада жұмсалады; адамдар арасында конфликті үнемі болатындықтан, бұрынғы кезеңдерде «*Алмас қылыш қын түбінде жатпайды*» деп үнемі күшпен шешетін болса, бертін келе «*Қылыш астында серт жүрмейді*», яғни соғыс, агрессия, ашу кезінде ақылды шешім болмайтынын түйіндеген. Адамзатқа қара күштен де ақыл-білімнің пайдасы «*Қылышынан қан тамған батырды тілінен бал тамған ақын алады; Алмас қылыш майданда серік, Асыл сөз майданда да, сайранда да серік*» деп сөз өнерін бағалайды, ал сөз өнерінің артықшылығы «*Өткір қылыш тәнді жаралайды, Өткір сөз жанды жаралайды; Сөз жарасы бітпес, қылыш жарасы бітер; Тіл қылыштан өткір; Ақынның тілі қылыштан өткір, қылдан нәзік*» мақалдарында қортындыланған. Гуманизм идеясын ұстанған қазақ дәстүрінен хабар беретін «*Ұсынған/іілген мойынды/басты қылыш кеспес*» деп өз қылмысын мойындаған қылмыскердің айыбын кешіріп, жазалауда да адамгершілік принципін ұстану мақсатын көздейді.

Қорытынды

«Қорқыт ата» жазба ескерткішіндегі *qilic* «қылыш» лексемасының ерекше қолданыс тапқан батырлардың ең мықты, жеңілмейтін жасампаз екенін суреттеуде қолданылатын *қылышыма туралайын, оғыма шанышылайын, жердей тапталайын, топырақтай шашылайын* (D.51a:1) тіркесі қазақ фольклорында, әсіресе батырлар тұлғасын сомдауда жиі қолданылатын *отқа салса өлмейтін, суға салса батпайтын, шапса қылыш кеспейтін, атса оқ өтпейтін* тіркесімен сабақтас (D.111a:3); *қылышпен шапса кеспеді; оқ та, қылыш та өтпесін* (D.116a:9) тіркестері жоғарыда аталған батырлықты жырлаудағы бір тәсіл ретінде қазақ тілінде қолданылады. Ескерткіште *қылыштың* сапасы мен түсін білдіруде *қара болат* тіркесі қолданылған және 17 рет қолданғанына қарап сол кезеңдердің ерекшелігі ретінде қарауға болады, себебі қазақ тілінде *қылыш алмас* немесе жасалған жеріне *қарай асфahan/асбаққан, мүсір, алдаспан* немесе *қиғыр, өрмек, сыдырма, жалаң* сөздерімен тіркеседі.

Жоғарыда талданғандай, ортағасырлық жазба ескерткіштердегі *qil:ic* «қылыш» лексемасы қазақ тілінде жоғары деңгейде сақталған. Бұл зерттелген сөздің лексика-семантикалық, грамматикалық ерекшеліктерінің толығымен сақталуынан көрінеді. Осында жекелеген тілдік фактілерге талдау жасай отырып, қазақ тілінің тарихи сөздік қорын бағамдап, ортатүркілік сөздік қорды, тілдің табиғатын және сол арқылы түркілік дүниетанымды қалпына келтіруге болады. Жалпы «Қорқыт Ата кітабы» тұтас бір халықтың тұрмыс-тіршілігінен, жер-су атауларынан, әдет-ғұрпынан, салт-санасынан, наным-сенімінен, тарихынан ақпарат береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Малбақов М. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. – Алматы: Дәуір, 2011. – 752 б.
2. Мамырбекова Г. Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2017. – 658 б.
3. Левитская Л.С., Дыбо А.В., Рассадин В.И. Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на букву «Қ». 6-т. – М.: Наука, 2000. – 264 с.
4. Тенишев Э.Р. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Лексика. – М.: Наука, 2001. – 822 с.
5. Аманжолов К., Тасболатов А. Қазақша әскери терминдердің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Білім, 1999. – 92 б.
6. Аммиан Марцеллин. Римская история / пер. и коммент. Ю.А. Кулаковского, А.И. Сони. – СПб.: Алетей, 1996. – 570 с.
7. Хаттон Э. Атилла. Предводитель гуннов / пер. Л. Игоревский. – М.: Центрполиграф, 2005. – 240 с.
8. Excerpta de Legationibus. – Париж, 1648. – С. 33–76.
9. Балабанова М.А. Военное дело сармато-алан и гуннов по данным античных письменных источников // Вестник Волгоградского государственного университета. История. – 2012. – №1(21). – С. 17–19.
10. Кондыбай С. Казахская мифология. – Алматы: Нұрлы әлем, 2005. – 272 б.
11. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 1-т. / Құраст. Т. Жанұзақ, С. Омарбеков, Ә. Жүнісбек және т.б. – Алматы: Дәуір, 2011. – 752 б.
12. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 53-т.: Ғашықтық жырлар. – Астана: Фолиант, 2009. – 456 б.
13. Қазақ тілінің аймақтық сөздігі / Құраст. Ғ. Қалиев, О. Нақысбеков, Ш. Сарыбаев, А. Үдербаев және т.б. – Алматы: Арыс, 2005. – 824 б.
14. Тұрманжанов Ө. Қазақ мақал-мәтелдері. – Алматы: Жазушы, 1935. – 217 б.
15. Сейдімбек А. Қазақ әлемі: этномәдени пайымдау. – Алматы: Санат, 1997. – 460 б.
16. Хисамитдинова Ф.Г. Мифологический словарь башкирских языков. – М.: Наука, 2010. – 452 с.
17. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 4-т. – Алматы: РПК СЛОН, 2013. – 736 б.
18. Жолдасбеков М., Шадиева Г. Қорқыт Ата кітабы. – Нұр-Сұлтан: Күлтегін, 2019. – 752 б.

19. Қоңыров Т. Тұрақты теңеулер сөздігі. – Алматы: Арыс, 2007. – 480 б.

REFERENCES

1. Malbaqov M. Qazaq adebi tilinin sozdigi [Dictionary of the literary]. – Almaty: Daur, 2011. – 752 b. [in Kazakh]
2. Mamyrbekova G. Qazaq tilindegi arab, parsy sozderinin tusindirme sozdigi [Explanatory Dictionary of Arabic and Persian words in the Kazakh language]. – Almaty: Memlekettik tildi damytu instituty, 2017. – 658 b. [in Kazakh]
3. Levitskaia L.S., Dybo A.V., Rassadin V.I. Etimologicheskii slovar tiurkskikh iazykov: Obshetiurkskie i mejtiurkskie osnovy na bukvu «Q» [Etymological dictionary of Turkic languages: Common Turkic and inter-Turkic bases with the letter «Kh»]. 6-t. – M.: Nauka, 2000. – 264 s. [in Russian]
4. Tenishev E.R. Sravnitelno-istoricheskaia grammatika tiurkskikh iazykov. Leksika [Comparative historical grammar of the Turkic languages. Vocabulary]. – M.: Nauka, 2001. – 822 s. [in Russian]
5. Amanjolov K., Tasbolatov A. Qazaqsha askeri terminderdin tusindirme sozdigi [Explanatory Dictionary of military terms in Kazakh]. – Almaty: Bilim, 1999. – 92 b. [in Kazakh]
6. Ammian Marcellin. Rimaskaia istoriia [Ammianus Marcellinus. Roman History] / per. i komment. Iu.A. Kulakovskogo, A.I. Soni. – SPb.: Aleteia, 1996. – 570 s. [in Russian]
7. Hatton E. Atilla. Predvoditel gunnov [Attila. The leader of the Huns] / per. L. Igorevskiy. – M.: Centrpoligraf, 2005. – 240 s. [in Russian]
8. Excerpta de Legationibus. – Parizh, 1648. – S. 33–76.
9. Balabanova M.A. Voennoe delo sarmato-alan i gunnov po dannym antichnykh pismennykh istochnikov [Military affairs of the Sarmatians-Alans and Huns according to ancient written sources] // Vestnik Volgogradskogo gosudarstvennogo universiteta. Istoriia. – 2012. – №1(21). – S. 17–19. [in Russian]
10. Kondybai S. Kazahskaia mifologiya [Kazakh mythology]. – Almaty: Nurly alem, 2005. – 272 b. [in Russian]
11. Qazaq adebi tilinin sozdigi [Dictionary of the Kazakh literary language]. On bes tomdyq. 1-t. / Qurast. T. Januzaq, S. Omarbekov, A. Junisbek jane t.b. – Almaty: Daur, 2011. – 752 b. [in Kazakh]
12. Babalar sozi: Juztomdyq [Word of ancestors: Hundred thome]. 53-t.: Gashyqtyq jyrlar. – Astana: Foliant, 2009. – 456 b. [in Kazakh]
13. Qazaq tilinin aimaqtyq sozdigi [Regional Dictionary of the Kazakh language] / Qurast. G. Qaliev, O. Naqysbekov, Sh. Sarybaev, A. Uderbaev jane t.b. – Almaty: Arys, 2005. – 824 b. [in Kazakh]
14. Turmanjanov O. Qazaq maqal-matelderі [Kazakh proverbs]. – Almaty: Jazushy, 1935. – 217 b. [in Kazakh]
15. Seidimbek A. Qazaq alemi: etnomadeni paiymdau [Kazakh world: ethno-cultural vision]. – Almaty: Sanat, 1997. – 460 b. [in Kazakh]
16. Hisamitdinova F.G. Mifologicheskii slovar bashkirskikh iazykov [Mythological Dictionary of Bashkir languages]. – M.: Nauka, 2010. – 452 s. [in Russian]
17. Qazaqtyn etnografiyalıq kategoriialar, ugymdar men atalarynyn dasturli juiesi [Traditional system of Kazakh ethnographic categories, names and names]. Enciklopediia. 4-t. – Almaty: RPK SLON, 2013. – 736 b. [in Kazakh]
18. Joldasbekov M., Shadieva G. Qorqyt Ata kitaby [The Book of Korqyt Ata]. – Nur-Sultan: Kultegin, 2019. – 752 b. [in Kazakh]
19. Qonyrov T. Turaqty teneuler sozdigi [Dictionary of regular parables]. – Almaty: Arys, 2007. – 480 b. [in Kazakh]